

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

Имбергенова Фариза Маликқызы

Кәсіпорын сапа жүйесі элементтерін талдау

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология (сапа бойынша)»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті  
Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты  
«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

«СС және МЖТ»

кафедрасының меңгерушісі

техн. ғыл. канд.

Альпеисов А.Т

2019 ж.



**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Тақырыбы: РМК «Мемсараптама» кәсіпорны жағдайында сапа жүйесінің элементтерін талдау

5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)»

Орындаған:

Имбергенова Ф.М.

Пікір беруші

Алматы қаласы Өуезов ауданының  
қоршаған ортаны қорғау және  
экология бөлімінің басшысы  
Түлегенова Г.О.



Ғылыми жетекші

Сениор – лектор

Ермекбаева А.Ө.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

Мамандығы: 5В073200 – «Стандарттау, метрология және сертификаттау  
(сала бойынша)»

**БЕКІТЕМІН**

«СС және МЖТ»

Кафедра меңгерушісі

Доценті/техн.ғыл.канд.

Альпеисов А.Т

“ 06 ” 20 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Имбергенова Фариза Маликқызы

Тақырыбы: РМК «Мемсараптама» кәсіпорны жағдайында сапа жүйесінің элементтерін талдау

Университет Ректорының 2019 жылғы "06" 11.18.№10 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы "15" мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: мекеше құжаттары

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Сапа менеджменті жүйесі элементтерін талдау

б) РМК "Мемсараптама" бойынша бағаланыс

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)


Дипломдық жұмыс материалдары 10 слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 8 атаудан тұрады

Дипломдық жұмысты дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
РМК «Мемсараптама» мекемесінің жұмыс істеу функционалдылығы	05.03.2019ж	
РМК «Мемсараптаманың» сапа менеджмент жүйесі	28.03.2019ж	
Кәсіпорында қолданылатын стандарттар	17.04.2019ж	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен  
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған  
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	техн.ғыл. магистрі, ассистент Муртазина Б.Т.	14.05.19	

Ғылыми жетекші:



Ермекбаева А.Ө.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы:



Имбергенова Ф.М.

Күні:

" 11 " 02 2019 ж.

## **АҢДАТПА**

Дипломдық жұмыстың мақсаты – Республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы «Мемсараптаманың» даму жағдайын қарастыра отырып, мекемедегі сапа менеджмент жүйесінің элементтеріне талдау жасау.

Дипломдық жұмыс мекемедегі сапа менеджмент жүйесіне талдау және жұмыс тәжірибелерін қарастыра отырып, сапа менеджмент жүйесі нәтижесі мен артықшылығын зерттеуге арналған. СМЖ элементтеріне яғни стандарттарға сәйкес талдау жүргізілді.

Дипломдық жұмыс 4 бөлім, кіріспе, қорытынды және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыс 31 беттен тұрады.

## **АННОТАЦИЯ**

Цель дипломной работы-анализ элементов системы менеджмента качества в учреждении с учетом состояния развития «госэкспертизы» в Республиканском государственном предприятии.

Дипломная работа предназначена для изучения преимуществ и результатов системы менеджмента качества с учетом опыта работы и анализа системы менеджмента качества в организации. Проведен анализ элементов СМК в соответствии со стандартами.

Дипломная работа состоит из 4 разделов, введение, заключение и список использованной литературы. Работа состоит из 31 страниц.

## **ANNOTATION**

The purpose of the thesis is to analyze the elements of the quality management system in the institution, taking into account the state of development of "state expertise" in the Republican state enterprise.

The thesis is intended to study the benefits and results of the quality management system, taking into account the experience and analysis of the quality management system in the organization. The analysis of the elements of the QMS in accordance with the standards.

The thesis consists of 4 sections, introduction, conclusion and references. The work consists of 31 pages.

## Мазмұны

	Кіріспе	7
1	РМК «Мемсараптаманың» құрылу тарихы	8
2	РМК «Мемсараптама» мен атқарылған жұмыстар	9
2.1	Мемсараптама РМК - ның жұмыс істеу функционалдылығы	10
3	Мемсараптаманың сапа менеджмент жүйесі	12
3.1	Кәсіпорынға сапа менеджмент жүйесін енгізуінің өзектілігі мен қажеттілігі	13
3.2	РМК «Мемсараптаманың» сапа бойынша басшылығы	15
3.3	Басшылық жауапкершілігі	18
4	«Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорнында қолданылатын стандарттар	24
	Қорытынды	26
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	27

## КІРІСПЕ

Сапа менеджментінің жүйесі - әлем мойындаған және кез-келген ұйымды басқару құрудың тиімді құралы. Бүгінгі таңда Сапа менеджменті жүйесін ИСО 9000:2000 сериялы халықаралық стандарттар талабына сәйкестендіріп жасау және сертификаттау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

9000 сериялы ИСО стандарттары тұтынушы талаптарын қанағаттандыратын тауар мен қызмет өндірісін ұйымдастыру жөніндегі дамыған елдердің жинақталған тәжірибесінің көрінісі болып саналады. Бұл стандарттардың ережелерін кәсіпорында орындау дегеніңіз - өндірілетін өнімнің сапасын жұрт мойындаған кепілдікпен қамтамасыз ету.

Жұмыстарды арнайы құрылған бөлімше - Сапа кепілдігі басқармасы жүргізеді. Сапа менеджменті жүйесінің әдістемесі мен тәсілдері компания құрылымын өзгерту және ағымдағы үдерістерді жеңілдету мен жақсарту кезінде қолданылды. Сапа менеджменті жүйесін жасақтау тұсында компания өз қызмет аясының түрлі салаларын басқаруды жетілдіріп, ол өз кезегінде жаңа үдерістерді, құжаттардың жаңа үлгілерін жасау мен қолданысқа енгізу ісінде көрініс табады.

Дамыған елдердің жүз мыңдаған тауар өндірушілері өз қызметтерін осы нормаларға сәйкестендіреді. ТМД елдеріндегі олардың саны бірнеше онмен ғана саналады, алайда халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеуге ұмтылыс қарқын алып келеді.

Сапа менеджменті анықтамасын қарастыру үшін ұйымды басқару дегеніміз не дегенді жалпылама түрғыда бейнелеп алған пайдалы.

Барынша қарапайым түрде айтқанда басшылық дегеніміз мақсаттарға қол жеткізу жолында ресурстарды ұйымдастыру, бақылау және басқару.

Оны неғұрлым дәлірек ұйымның мақсаттары мен міндеттерін, басшылықтың саясатын айқындау және алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін сол саясатты басқару жүйесіне енгізу ретінде бейнелеуге болады.

## **1 РМК «Мемсараптаманың» құрылу тарихы**

Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаудың республикалық біртұтас мемлекеттік жүйесі «КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысын жүзеге асыру туралы» Қазақ КСР-ы Министрлер Кеңесінің 1987 жылғы 26 тамыздағы № 400 қаулысы және «Республикалық және жергілікті басқару органына ведомстволық бағынысты кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттар құрылысының сметасын және жобалардың сараптамасын жетілдіру туралы» қаулысын жүзеге асыру туралы» 1987 жылғы 23 шілдедегі № 841 қаулысы негізінде құрылған.

Көрсетілген үкіметтік шешімдерге сәйкес осы біртұтас мемлекеттік жүйенің құрамына енгізілгендер: Қазақ ССР-ы Мемлекеттік құрылыс жанындағы Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаудың бас басқармасы (1991 жылдан бастап – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сәулет құрылысы); облыстық атқару комитетіне, жергілікті Халық депутаттары кеңесінің атқару комитетіне, Алма-Ата және Ленин қалалық атқару комитеті мен Қазақ Мемлекеттік құрылыс жанындағы мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама бас басқармасына бағынатын мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама басқармасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі №1344 «Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» жарлығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сәулет құрылысы органы жабылып, Қазақстан Республикасының құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі құрылды. Осы қаулымен құрылыс министрлігінің орталық аппаратынан басқа облыс орталықтары мен республикаға бағынатын қалаларда лицензиялау, бақылау қызметтері, сондай-ақ жобалардың мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыратын бөлімшелердің құрылымдары анықталды.

Елбасының осы жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 23 наурыздағы №289 «Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанынан сәулет-қала құрылысын бақылау органын құру туралы» қаулысымен Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау мен сараптаманың жергілікті органдары негізінде Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаментінің облыс орталықтары мен Алматы, Ленинск қалаларында аумақтық бөлімшелері құрылды.

Құрылыс министрлігінің Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаментінің жабылуының негізінде шаруашылық жүргізу құқығындағы “Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау” республикалық мемлекеттік кәсіпорны облыс орталықтары мен Ақмола және Алматы қалаларында еншілес кәсіпорындары құрылды (бұдан әрі “Мемсараптама” РМК). Осыған байланысты, жаңадан құрылған кәсіпорын жабылған Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаментінің қабылдаушысы болып анықталды, сонымен қатар бұрын қабылданған нормативтік актілердің бәрі осы кәсіпорында қолданылатын болды.



## **2 РМК «Мемсараптама» мен атқарылған жұмыстар**

Үкіметтің жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізуге арналған арнайы мемлекеттік кәсіпорын құру туралы көрсетілген шешімімен “Мемсараптама” РМК-ның сәйкес уәкілеттігі айқындалады. “Мемсараптама” РМК-ның мәртебесі қосымша “Мемлекеттік кәсіпорын туралы” Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген, онда мемлекеттік кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты бақылау және қадағалау қызметінен басқа, мемлекеттік монополияға жатқызылатын немесе мемлекет қызметі болып табылатын саладағы қызметті жүзеге асыру жолымен қоғам және мемлекет қажеттілігімен анықталатын әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған.

“Мемсараптама” РМК арнайы кәсіпорын ретінде қызмет еткен күннен бастап республикада құрылыс саласының дамуына өз үлесін қосып келеді. Атап айтсақ, апат, жарылыс, өрт және өзге де қатерлі жағдайларды ескертудің нәтижесінде жыл сайын көптеген миллиард бюджет пен бюджеттен тыс қаржы үнемделеді.

Қазіргі заман талаптары жыл өткен сайын өсуде, заман талаптарына сай болу үшін атқарылып жатқан жұмыстар сапалы болуы талап етіледі.

Біз қарастырып отырған құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың мақсаты: Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, жобалау үшін бастапқы құжаттардың шарттарына жобалық шешімдердің сәйкестігін анықтау, сондай – ақ жобалық шешімдер мен есеп – қисаптарда қала құрылысы және техникалық регламенттердің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау арқылы жобалардың сапасына талдау мен бағалау жүргізу болып табылады.

Аумақтық бөлімшелер:

«Мемсараптама» РМК-ның Алматы қаласындағы филиалы

«Мемсараптама» РМК-ның Ақтөбе облысы бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-нің Батыс өңірі бойынша филиалының Атырау қаласы бойынша өндірістік бөлімі

«Мемсараптама» РМК-ның Шығыс өңірі бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-нің Оңтүстік өңірі бойынша филиалының Тараз қаласы бойынша өндірістік бөлімі

«Мемсараптама» РМК-ның Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-ның Қарағанды облысы бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-нің Солтүстік өңірі бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-нің Қостанай облысы бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-ның Қызылорда облысы бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-нің Батыс өңірі бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-ның Павлодар облысы бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК Солтүстік өңірі бойынша филиалының Петропавл қаласындағы өндірістік бөлімі

«Мемсараптама» РМК-ның Алматы облысы бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-ның Оңтүстік өңірі бойынша филиалы

«Мемсараптама» РМК-ы мен оның аумақтық бөлімшелерінің жылдық қорытындылары.

2017 жылдың 9 айы бойынша «Мемсараптама» РМК-нің жұмыс нәтижесі туралы анықтама:

«Мемсараптама» РМК жүйесінде 2017 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында 11 432,279 млрд. теңгеге құрылыстың жалпы мәлімделген сметалық (есептік) құнымен 3 095 бірлік құжаттама қаралды. Оның ішінде 10 610,696 млрд. теңге құрылыстың жалпы сметалық (есептік) құнымен 2 744 бірлігі бекітуге ұсынылды. Сараптама нәтижесінде, көптеген дұрыс орындамаулармен және нормативтік талаптарды бұзушылықтармен сипатталатын жобалау құжаттамасының сапасы төмен болғандықтан 73,861 млрд. теңге жалпы мәлімделген сметалық (есептік) құнымен 351 бірлік құжаттама пысықтауға қайтарылды.

Осыған орай, Мемсараптаманың ескертпелері бойынша жобалау құжаттаманы түзету және оның ұсынған ұсыныстарын қолдану, сондай-ақ негізсіз және мақсатсыз шығындарды алып тастау нәтижесінде жобадағы құрылыстың жалпы мәлімделген сметалық (есептік) құны 799,157 млрд. теңгеге, оның ішінде мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша – 382,813 млрд. теңгеге төмендетілді.

## **2.1 Мемсараптама РМК - ның жұмыс істеу функционалдылығы**

"Мемсараптама" РМК-ның қызметі әрдайым өзекті болады, себебі күрделі құрылыс объектілерінің жобалық құжаттамаларының техникалық регламенттердің талаптарына, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық талаптарға, мәдени мұраны мемлекеттік қорғау талаптарына, өрт, өнеркәсіптік және өзге де қауіпсіздік талаптарына, сондай-ақ инженерлік іздестіру нәтижелеріне сәйкестігін бағалау қажеттілігі; инженерлік іздестіру нәтижелерінің техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін бағалау; құрылыс, қайта жаңарту, күрделі жөндеу сметасының мемлекеттік сметалық нормативтерге сәйкестігін бағалау; аумақтық жоспарлау құжаттары жобаларының техникалық регламенттер талаптарына және ұтымды ұйым талаптарына сәйкестігін бағалау әрқашан қажет болады.

«Мемсараптама» РМК қызметінің мәні жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу болып табылады.

«Мемсараптама» РМК қызметінің мақсаты: қала құрылысын жоспарлау, аумақтарды дамыту және салу, әлеуметтік, өндірістік, рекреациялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымдары объектілерінің (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, магистральдық көлік, байланыс, коммуникациялар, коммуналдық-тұрғын үй шаруашылығы және тіршілікті қамтамасыз ететін басқа да жүйелерінің объектілерін қоса алғанда) жобаларын кешенді бағалау болып табылады.

1 Кесте - Жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізу үшін ЖСҚ-ны ұсыну ережесі

1	Тапсырысшының хаты (деректемелері)		
2	Жобалау туралы әкімдіктің ____ № ____ шешімі (қаулысы), ____ № ____ учаскені таңдау актісі, ____ № ____ жер учаскесін бөлу схемасы	<b>15.05.2009 ж. № 26 бұйрыққа сәйкес барлық бастапқы материалдардың түпнұсқасы ұсынылуы тиіс немесе тапсырысшының немесе бас жобалаушының (инвестордың) қарауы бойынша «Көшірмесі дұрыс» жазбасымен, тапсырысшының қолы және мөрімен куәландырылған немесе нотариалдық расталған көшірмесі ұсынылуы тиіс.</b>	
3	Сәулет-жоспарлау тапсырмасы (СЖТ)		
4	Қаланың бас сәулетшісімен келісілген нобайлық жобасы		
5	Жобалау тапсырмасы		
6	Техникалық шарттар: - сумен жабдықтау және кәрізге - жылумен жабдықтауға - электрмен жабдықтауға - телефондандыруға - газбен жабдықтауға - радиоландыруға - нөсерлі кәрізге		
7	Экологиялық сараптама қорытындысы, СЭС		
8	Инженерлік-геологиялық іздестіру материалдары		
<b>ЖОБАЛАУ ҚҰЖАТТАМА ЖИНАҚТАЛЫМЫ</b>			
9	Жалпы түсіндірме жазба		
10	Бас жоспары (қаланың бас сәулетшісінің келісімі)		<b>ЖБИ жазбасы</b>
11	Сәулет-құрылыс шешімдері	<b>ЖБИ жазбасы</b>	
12	Су құбыры және кәріз	<b>ЖБИ жазбасы</b>	
13	Жылыту, желдету	<b>ЖБИ жазбасы</b>	
14	Технологиялық шешімдер	<b>ЖБИ жазбасы</b>	
15	Электртехникалық бөлімі	<b>ЖБИ жазбасы</b>	
16	Байланыс және дабыл	<b>ЖБИ жазбасы</b>	
17	Газбен жабдықтау	<b>ЖБИ жазбасы</b>	
18	Құрылыс ұйымдастыру жобасы	<b>ЖБИ жазбасы</b>	
19	Сыртқы инженерлік желілер		
20	Сметалық құжаттама		
21	Жобалау ұйымның лицензиясы		
22	ЖІЖ-ге арналған есеп		
23	ЖБИ-ді (ЖБС-ді) тағайындау туралы бұйрық		

Мемлекеттік сараптама жүргізуге арналған шарт белгіленген тәртіппен жасалады.

### **3 Мемсараптаманың сапа менеджмент жүйесі**

Республикада соңғы жылдар бойы кәсіпорындар мен ұйымдарда менеджмент жүйесін енгізу бойынша жұмыс белсенді түрде жүргізілуде. Үздік халықаралық компаниялардың тәжірибелері мен білімдеріне негізделген заманауи менеджмент жүйелері қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттіктеріне әсер ететін нарықты реттеу тетігінің мәселелерін кешенді түрде шешуге мүмкіндік береді.

Сапалы өнім (көрсетілетін қызмет) алу бөлігінде тұтынушылардың қанағаттанушылықтарын қамтамасыз ету және үнемі тұрақты түрде құқықтарын сақтауға 9000 сериялы ISO халықаралық стандарттарына сәйкес құрылған сапаны басқару жүйесі ықпал етеді.

Сапа менеджменті жүйесін енгізудің келесі артықшылықтарын атап өтуге болады:

- өнім, қызмет және процестің сапасының жақсаруы;
- тұтынушылардың қанағаттану деңгейінің артуы;
- нарық мүмкіндіктеріне икемді және жылдам шара қолдану жолымен алынатын нарық үлесі мен пайданың артуы;
- жеткізушілердің қанағаттану деңгейінің артуы;
- ұйым және жеткізушілер арасында нарықтың өзгеруіне келісілген бірлескен шаралардың икемділігі мен жылдамдылығының артуы;
- ұйымға негізгі мүдделі тараптардың сенімін тудыру;
- қалаулы нәтижеге қол жеткізуге алып келетін процестік және жүйелік тәсілдемені қолдану;
- шығындарды азайту;
- ұйымның мүмкіндіктерін жақсарту арқасында бәсекеге қабілетті артықшылықтың артуы;
- өндірістік және қаржылық тәртіптің артуы;
- ұйымның мақсаттары мен міндеттерін қызметкерлердің түсінуінің жақсаруы, ынталары мен жауапкершіліктерін арттыру;
- қызметкер мен басшылық арасындағы іскерлік қарым-қатынастың жақсаруы;
- ұйымда жайлы психологиялық ахуалды құру және т.б.

ИСО 9000 сериялы халықаралық стандарттарына көшу өзектілігі Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге ұмтылуына байланысты едәуір маңызды болып табылады.

СМЖ ұстанымдары

РМК «Мемсараптама» сапа менеджменті жүйесі сапа менеджментінің ұстанымына негізделеді:

- Тұтынушыға бағдар ету. Кәсіпорын өз тұтынушыларынан тәуелді болғандықтан олардың ағымды және болашақ сұраныстарын түсініп, талаптарын орындауға және үміттерін ақтауға тырысады.
- Басқарушылық озаттығы. Кәсіпорын басшылары қызметтің мақсаттары

мен бағыттарының бірлігін қамтамасыз етеді, қызметкерлер кәсіпорын алдына қойған мақсаттарын шешуге қатысатын ішкі ортаны құрып, қолдайды.

- Жұмысшыларды тарту. Барлық деңгейдегі қызметкерлер кәсіпорын негізін құрайды, сондықтан оларды жұмысқа тарту кәсіпорынның олардың қабілеттерін өз пайдасы үшін пайдалануға мүмкіндік туғызады.

- Процестік тәсіл. Күтілетін нәтижеге тиімді жету үшін кәсіпорынның барлық қызметтері мен тиісті ресурстарын процесс ретінде басқарады.

- Менеджментке деген жүйелік тәсіл. Кәсіпорын қызметінде өзара байланысқан процестер торабы анықталады. Өзара байланысқан процестерді жүйе ретінде түсіну кәсіпорынның өз мақсатына жету нәтижесі мен тиімділігіне үлес қосады.

- Тұрақты жақсарту. Кәсіпорынның тұрақты мақсаты – оның қызметін жақсарту.


- Деректерге негізделген шешімдер қабылдау. Тиімді шешімдер деректер мен ақпаратты талдауға негізделеді.

### **3.1 Сапа менеджмент жүйесін енгізуінің өзектілігі мен қажеттілігі**

Сапа менеджменті жүйелері ұйымдардың тұтынушыларды қанағаттандыруын жоғарылатуға септігін тигізе алады.

Тұтынушыларға мінездемелері олардың қажеттіліктері мен күтулерін қанағаттандыратын өнімдер керек. Бұл қажеттіліктер мен күтулер өнімге дайындалған техникалық шарттарда беріледі және тұтынушылар талаптары болып есептеледі. Талаптар тұтынушымен шартта бекітілінуі немесе ұйымның өзімен анықталынуы мүмкін. Қай жағдайда болмасын өнімнің қолайлығын тұтынушы бекітеді. Тұтынушылардың қажеттіліктері мен күтулері ауысып отырғандықтан, ал ұйымдар талас және техникалық прогреспен негізделген қысым көретіндіктен, олар өздерінің, өнімдері мен өздерінің үрдістерін үнемі жетілдіріп отырулары керек.

Сапа менеджментіне жүйелі келісім, ұйымға тұтынушылар талаптарын талдауға, тұтынушыларға қолайлы өнімдерді алуға көмектесетін үрдістерді анықтауға, сонымен бірге осы үрдістерді басқарылатын жағдайда ұстап тұруға әкеліп соғады. Сапа менеджменті жүйесі тұтынушының, басқа да қызығушы тараптардың қанағаттануын арттыратын ықтималды көтеру мақсатында үнемі жақсартуға негіз бола алады. Ол ұйымның өзіне талаптарға толық сәйкес келетін өнімді тұтынушыларға жеткізу мүмкіндігіне сенімділік береді.



1 Сурет - Кәсіпорындарға сапа жүйесін ендірудің типтік алгоритмі

«Мемсараптама» РМК-нің біріктірілген менеджмент жүйесі саласындағы саясатын жүзеге асыру шеңберінде келесі мақсаттар анықталсын:

- Біріктірілген менеджмент жүйесінің негізгі үдерісінің нәтижелілігін бағалауды желтілдіру қамтамасыз етілсін.
- «Мемсараптама» РМК-нің филиалдарында БМЖ-ның ішкі нормативтік құжаттар талаптарының және рәсімдерінің орындалуына құжаттық тексеру жүргізу қамтамасыз етілсін.
- «Мемсараптама» РМК-де және оның филиалдарында ішкі аудит жүргізу рәсімін жетілдіру қамтамасыз етілсін.
- Сертификаттаушы ұйымы «Мемсараптама» РМК мен оның аумақтық бөлімшелерінде инспекциялық аудит жүргізу үшін материалдарды дайындау және жұмыс ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
- Деректерді резервтік көшірудің орталықтандырылған жүйесі ендірілсін.
- Тоқсан сайын «Мемсараптама» РМК филиалдарының сараптама қорытындыларына мониторинг жүргізілсін.

- Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының көкейтесті етуі қамтамасыз етілсін.
- «Мемсараптама» РМК-де және оның филиалдарында ішкі аудиттердің бекітілген бағдарламасына сәйкес бірлескен ішкі аудит жүргізу қамтамасыз етілсін.
- «Мемсараптама» РМК-нің ақпараттық активтерінің құпиялылығы, тұтастығы және қол жетімділігі қамтамасыз етілсін.
- «Мемсараптама» РМК-нің біріктірілген менеджмент жүйесі саласындағы саясатын жүзеге асыру шеңберінде келесі мақсаттар анықталсын:
  - Біріктірілген менеджмент жүйесінің негізгі үдерісінің нәтижелілігін бағалауды желтілдіру қамтамасыз етілсін;
  - «Мемсараптама» РМК-нің филиалдарында БМЖ-ның ішкі нормативтік құжаттар талаптарының және рәсімдерінің орындалуына құжаттық тексеру жүргізу қамтамасыз етілсін.
  - «Мемсараптама» РМК-де және оның филиалдарында ішкі аудит жүргізу рәсімін жетілдіру қамтамасыз етілсін;
  - Сертификаттаушы ұйымы «Мемсараптама» РМК мен оның аумақтық бөлімшелерінде инспекциялық аудит жүргізу үшін материалдарды дайындау және жұмыс ұйымдастыру қамтамасыз етілсін;
  - Деректерді резервтік көшірудің орталықтандырылған жүйесі ендірілсін;
  - Тоқсан сайын «Мемсараптама» РМК филиалдарының сараптама қорытындыларына мониторинг жүргізілсін;
  - Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының көкейтесті етуі қамтамасыз етілсін;
  - «Мемсараптама» РМК-де және оның филиалдарында ішкі аудиттердің бекітілген бағдарламасына сәйкес бірлескен ішкі аудит жүргізу қамтамасыз етілсін;
  - «Мемсараптама» РМК-нің ақпараттық активтерінің құпиялылығы, тұтастығы және қол жетімділігі қамтамасыз етілсін.

### **3.2 РМК «Мемсараптаманың» сапа бойынша басшылығы**

Өнім сапасын басқару — жалпы алғанда өндірісті басқарудың құрамдас бөлігі, оның қасиеттерінің, функцияларының бірі. Сондықтан ол қолданыстағы басқару жүйесінің аясында дамиды және орындалады, сапа саласында саясатты жасауда, өнімге деген сұранысты анықтау, өнімді құру, жасау және күтім жасау бойынша нақты және жақсы ұйымдастырылған жұмыста тұжырымдалады. Ғылымның бұл саласы басқарудың жалпы теориясына сәйкес «жүйе», «орта», «бағдарлама» және т.б. түсініктерді қолданады.

Сапа бойынша басшылық - бұл ұйымның ерекшелігі туралы көрсетілім беретін концептуальды құжат. Ұйымның визиткалы карточкасы сияқты және ол мыналарды кірістіреді:

- лицензиялауға жататын қызметтердің барлық түріне ұйымның лицензиялар тізімі;
- ұйымдық құрылым;
- СМЖ-нің толық сипаттамасы және оның әрекеттерінің жерлердегі қолдану аймағы.

Сапа бойынша басшылық электронды, қағаз жүзінде немесе типографиялық әдіспен алынған бірыңғай құжат сияқты бекітілуі мүмкін. Бөлімдерді бекіту кезінде оның элементтерінің ИСО 9001:2009 стандарты негізіне сай екендігін қадағалау қажет. Сапа бойынша басшылық ИСО 9001 стандарты элементтерінің бірі болып табылады.

Жауапты басшы іс - әрекетіне қарай кәсіпорынның алға қарай жылжуы, оның дамуы және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі айқын болады.

Сапа бойынша басшылық Техникалық реттеу және метрология комитетінің Сапа менеджмент жүйесінің қолдану саласын, сонымен қатар Сапа менеджмент жүйесі процестері арасындағы байланыстар қарым қатынасын, СМЖ саласында өңделген құжатталған процедураларға сілтемелерді сипаттайды.

Сапа бойынша басшылық келесі құжаттамалардан тұрады:

1. Жалпы ережелер.
2. Нормативті сілтемелер.
3. Терминдер мен қысқартулар.
4. Сапа менеджмент жүйесі.
  - 4.1 Жалпы талаптар.
  - 4.2 Құжаттамаларға талаптар.
5. Басшылық жауапкершілігі.
  - 5.1 Басшылық міндеттемесі.
  - 5.2 Тұтынушыға жобалау.
  - 5.3 Сапа саласындағы саясат.
  - 5.4 Жоспарлау.
  - 5.5 Жауапкершілік және ақпарат алмасу.
  - 5.6 Басшылық тарапынан сараптау.
6. Ресурстар менеджменті.
  - 6.1 Ресурстармен қамтамасыз ету.
  - 6.2 Адам ресурстары.
  - 6.3 Инфрақұрылым.
  - 6.4 Өндірістік орта.
7. Өнімнің өмірлік циклінің процестері.
  - 7.1 Өнімнің өмірлік циклінің процестерін жоспарлау.
  - 7.2 Тұтынушалармен байланысты процестер.
  - 7.3 Сатып алу.
  - 7.4 Кәсіпорын және қызмет көрсету.
8. Өлшеу, анализ және жақсарту.
  - 8.1 Жалпы ережелер.
  - 8.2 Мониторинг және өлшеу.



8.3 Сәйкес келмейтін өнімді басқару.

8.4 Ақпараттарды сараптау.


8.5 Жақсарту.

Басшылық жетекшілігі:

Басшылар ұйым қызметінің мақсаты мен бағытының бірлігін қамтамасыз етеді. Олар қызметкерлер ұйым міндеттерін шешуде толық қызығуы үшін ішкі ортаны құруы және сақтауы тиіс. «Басшылық жетекшілігі» принципін қолдану, бұл келесі әрекеттерге бағытталған:

- ең үлкен ішкі өнімділікті алуға және тұтынушының максималды қанағаттануына мүмкіндік беретін басшылықты қамтамасыз етуге;
- жеке үлгіде сапа менеджменті жүйесінің принциптеріне шынайы берілгендігін көрсетуге;
- сыртқы өзгерістерді түсінуге және жауап беруге;
- барлық мүдделі тараптардың (тұтынушылар, меншік иелері, қызметкерлер, жеткізішілер, қоғам) қажеттіліктерін қарауға;
- ұйымның болашағын жоспарлауға.
- перспективті стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді қоюға;
- ұйымның барлық деңгейінде ортақ құндылықтар мен ішкі этиканы құруға және сақтауға;
- сенімді ояту және қорқынышты жою;
- жұмысшыларға талап еткен ресурстарды, оқуды және талап етілетін жауапкершілік және есептілікпен еркін әрекет жасауға;
- жұмысшылардың үлесін ынталандыруға көтермелеуге және мойындауға;
- адамдарды оқытуға және алға жылжытуға;
- ашық және адал өзара қарым-қатынасты қолдауға.

Ең алдымен жоғарғы буын басшылары көшбасшы ролін өз қолдарына алып, өздерінің жеке үлгілерімен сапаға шынайы берілгендігін көрсетуі тиіс. Сонымен қатар олар кәсіпорын жүретін стратегиялық мақсаттарды бекітіп, оларды біріктіріп және оларға қол жеткізу үшін стратегиялық бағыттарды жасауы қажет. Басшылар сыртқы өзгерістерді қадағалап, түсініп және уақытылы әрекет жасап отыруы қажет. Басшылар максималды өнімділікті алуға мүмкіндік беретіндей және сыртқы да, ішкі де тұтынушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыратындай барлық процестерді құруды қамтамасыз етуі тиіс. Кәсіпорынның жетекшісінің міндеті тек қана мақсаттар қою емес, сонымен қатар оларды талдауды жүзеге асырумен тұжырымдалады. Басшылар сапаны кәсіпорынды дамытудың стратегиялық факторы ретінде қарауы керек. Басшылар қызметкерлерді оқытуды, қолдауды және кадрлардың жоғарлауын ойлауы қажет. Қызметкерлердің тиімді жұмыс жасауын іске асыру, олардың қабілеттерін толық қолдану және шығармашылық атмосфераны қамтамасыз ету үшін басшылар қызметкерлерді қажетті ресурстармен қамтамасыз етуі және оларға белгілі бір жауапкершілікті жүктеуі тиіс. РМК «Мемсараптаманың» басшылығының құрылымы мынадай:



### 3.3 Басшылық жауапкершілігі

Жоғарғы басшылық сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу жөнінде, сондай-ақ оның нәтижелігін қарастырады.

- Техникалық реттеу және метрология комитетіне тұтынушылар талаптарының, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік талаптардың маңыздылығын жеткізу;
- Техникалық реттеу және метрология комитетіне сапа саласында саясатты әзірлеу;
- Техникалық реттеу және метрология комитетіне сапа саласында мақсаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;
- Басшылық тарапынан талдаулар жүргізу;
- Қажетті ресурстармен қамтамасыз ету арқылы тұрақты жақсарту бойынша өзінің міндеттерін растауды қамтамасыз етуі керек.

Жоғарғы басшылық тұтынушылардың қанағаттандырылуын көтеру мақсатында олардың талаптарының анықталуы мен орындалуын қамтамасыз етуі керек.

Жоғарғы басшылық сапа саласындағы саясаттың:

- ұйымға мақсаттарына сәйкес болуын;
- сапа менеджменті жүйесінің талаптарға сәйкес болуын және нәтижелігін ұдайы жақсартуға арналған міндеттердің болуын;
- сапа саласында мақсаттарды белгілеу және талдауға арналған негіздерді құруын;
- ұйым қызметкерлеріне жеткізілуі және оған түсінікті болуын;
- жарамдылыққа ұдайы талдануын қамтамасыз етуі қажет.

Техникалық реттеу және метрология комитетінің жоғарғы басшылығы, өнімге қойылатын талаптарды орындау үшін қажетті мақсаттарды қоса сапа саласындағы мақсаттар ұйымның сәйкес бөлімшелерінде және сәйкес деңгейлерінде белгіленуін қамтамасыз етуі қажет. Сапа саласындағы мақсаттар өлшене алатын және сапа саласындағы саясатпен сәйкестендіріле алуы керек.

Жоғарғы басшылық:

- СМЖ талаптарын орындау үшін, сондай-ақ сапа саласында мақсаттарға жету үшін сапа менеджменті жүйесін құру мен дамытуды жоспарлауды;

- сапа менеджменті жүйесін жоспарлау және оған өзгерістер енгізуде тұтастығы сақталынуын қамтамасыз етуі керек.

Жоғарғы басшылық жауаптылықтың және уәкілеттіліктің анықталуын және ұйым қызметкерлеріне жеткізілуін қамтамасыз етуі керек.

Жоғарғы басшылық ұйым басшылығы құрамынан басқа міндеттеріне карамастан, мыналарға таралатын жауапкершілік жүктелетін және өкілеттілік берілетін өкіл тағайындауға тиіс:

- СМЖ талап ететін процестердің әзірленуін, енгізілуі және жұмысшы қалыпта ұсталуын қамтамасыз етуге;

- сапа менеджменті жүйесінің қызметі және оны жақсартудың кез келген қажеттігі туралы жоғарғы басшылыққа есептер ұсынуға;

- барлық ұйым бойынша тұтынушылар талаптарын түсінуді таратуды қамтамасыз етуге жауапты және уәкілеттерге ие болуы керек.

Жоғарғы басшылық ұйымда СМЖ-нің тиімділігі мәселелері бойынша ақпарат алмасу мен коммуникациялардың сәйкес процестерін белгілеуді қамтамасыз етуі қажет.

Жоғарғы басшылық жоспарланған аралықтар сайын ұйымның сапа менеджменті жүйесінің үнемі жарамдығын, барабарлығын және нәтижелігін қамтамасыз ету мақсатында оны талдауы керек. Талдауға ұйымның СМЖ-н, оның ішінде сапа саласындағы саясат пен мақсаттарды жақсарту мүмкіндіктері мен өзгерістер енгізу қажеттіктерін бағалауды қосу керек.

Басшылық тарапынан талдау үшін кіріс деректер мына ақпараттардан тұруы керек:

- аудит нәтижелері;

- тұтынушымен кері байланыс;

- процестер қызметі және өнім сәйкестігі;

- ескертетін және түзететін әрекеттер мәртебесі;

- басшылық тарапынан алдыңғы талдаудан шығатын кейінгі әрекеттер;

- СМЖ-ге әсер етуі мүмкін өзгерістер;

- жақсарту жөніндегі ұсыныстар.

Басшылық тарапынан талдаудың шығыс деректері:

- СМЖ және оның процестерінің тиімділігін арттыруға;

- өнімді тұтынушылар талаптарына сәйкес жақсартуға;

– ресурстардың қажеттігіне қатысты барлық шешімдер мен әрекеттерді қамтуы керек.

«Мемсараптама» РМК әзірлейтін Құрылыс жобалары бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған EPSD.KZ бірыңғай порталы және ведомстводан тыс кешенді сараптаманың бірыңғай ақпараттық жүйесі ВКСБАЖ құрылыс жобаларын сараптау кезінде құжаттаманы қабылдау, өңдеу және беруді автоматтандыру құралы болып табылады.

EPSD.KZ бірыңғай порталы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығының ережелеріне сәйкес жұмыс істейді және сараптама жүргізу кезінде мемлекеттік монополияға жатқызылатын жобалар үшін, сонымен қатар аккредиттелген сараптама ұйымдарының қарауына жататын объектілер үшін де «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Жобаларды бөлу сараптама жұмысының тапсырыс берушісі көрсеткен өлшемдерге байланысты автоматты түрде жасалады.

Ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған өтінім беру кезіндегі жеке кабинет пайдаланушысының жұмысы ұсынылып отырған жоба бойынша ақпаратты қадамдық толтыруға дейін жеңілдетілді. Бұрын тапсырыс беруші тарапынан қол қоюды талап еткен барлық рәсімдер қазір электрондық-цифрлық қолтаңбаны қолданумен рәсімделеді. Сараптама жүргізуге арналған әр бір өтінім сатылы кестемен автоматты түрде жабдықталады, онда пайдаланушының ағымдағы қарау сатысын қадағалап отыруға мүмкіншілігі бар. ВКСБАЖ өз кезегінде кіру өтінімін автоматты тіркеуден бастап, келісілген электрондық қорытындыны Бірыңғай порталды пайдаланушының жеке кабинетіне бергенге дейінгі барлық қажетті процестерді толығымен қамтиды.

Ақпараттық жүйе барлық тартылған орындаушылар бойынша жауапкершілікті бөлу кезінде ашықтықты қамтамасыз етеді, барлық маңызды уақытша белгілерді автоматты түрде белгілеп қояды, мерзімдерді ұйымдастыруға және персоналдың жұмысының көптігін бақылауға және тиісінше «Мемсараптама» РМК-нің өндірістік қызметінің жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген EPSD.KZ және ВКСБАЖ ақпараттық жүйелері «Мемсараптама» РМК-дегі құжатайналымы электрондық жүйесінің бірнеше буынын ендіру, пайдаланушылар мен қызметкерлердің талаптарына сүйене отырып, оларды біртіндеп жетілдіру және жаңғырту бойынша интеграциялау жұмысы нәтижесі болып табылады.

Ақпараттық жүйесін пайдалану нәтижесінде сараптама қызметіндегі қажетті ашықтық деңгейіне жету сәтті болып шықты. ВКСБАЖ деректері жөнге салынған жұмыстар арқасында Кәсіпорынның сайтында интерактивті картасын қалыптастыруға және қаралып отырған жобалар мен берілген қорытындылар бойынша мәліметті орналастыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық жүйесінің бағдарламалық және аппараттық бөліктерін тұрақты жаңартуы шұғыл әрекет етуді және өнімділігін одан әрі жоғарылатуға, бұзылуға тұрақтылығын және ақпараттық ресурстардың қорғалуына бағытталған. Қорытындылай келгенде, қазіргі таңда ВКСБАЖ ақпараттық

қауіпсіздік бойынша тиісті мемлекеттік талаптардың ақпараттық жүйесі болып табылады.

EPSD.KZ және ВКСБАЖ екеуі қатарымен ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысын – құрылысқа арналған рұқсаттың кезеңдерінің бірін алу процесін жеңілдетуге мүмкіндік беретін кешендік шешімді ұйымдастырады, ол өз кезегінде DoingBusiness дүниежүзілік рейтингінде бағалау өлшемі болып табылады.

EPSD.KZ және ВКСБАЖ-ның жұмыс істеуі экономика саласының цифрландыру мәселелеріндегі мемлекеттің саясатымен толығымен үйлестіріледі. Мемлекет басшысы жариялаған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде болашақта ВКСБАЖ үшін өтінім білдірушінің қатысуынсыз, электрондық түрде ақпаратты лезде беру мақсатында, өзге келісім беретін ведомстволар мен қызметтердің бар ақпараттық жүйелерімен біріктіру жоспарлануда. Бұл қадам құрылыстың жергілікті тапсырыс берушілері үшін рұқсат беру рәсімдерін одан сайын жеңілдетуге, сондай-ақ әлеуетті шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық қызықтырғыштықты жоғарылатуға мүмкіндік береді.

PMK саясаты "Мемсараптама"

Интеграцияланған менеджмент саласында Мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүдделерді, адамның тыныс-тіршілігінің қолайлы және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, жобаланатын құрылыс объектілерінің пайдалануға берілгеннен кейін тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс берушілердің талаптарын барынша қанағаттандыруға бағдарлана отырып, "Мемсараптама" PMK басшылығы мынадай міндеттемелерді өзіне алады:

1 ISO 9001:2008 сапа және ISO/IEC 27001:2005 ақпараттық қауіпсіздік саласындағы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін менеджменттің интеграцияланған жүйесін (ИСМ) тұрақты жетілдіру және тұрақты түрде талдау, сондай-ақ "Мемсараптама" PMK-ның ИСМ саласындағы осы саясаты мен мақсаттарын іске асыру үшін қажетті ресурстар беру.

2 Кәсіпорынның еңбек қызметінде, сондай-ақ жобаларға кешенді бағалау жүргізу процесінде (жобалау алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттамалар) сараптама жүргізу сапасы, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамалық және өзге де талаптардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету.

3 "Мемсараптама" PMK барлық ұжымының кәсібилігі мен жауапкершілігінің деңгейін үнемі арттыру бойынша жұмыстарды жүргізу және кәсіпорын қызметкерлерінің толық тартылуын қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті жағдайларды жасау.

4 Жобалардың мемлекеттік сараптамасын жүргізу сапасына қатысты олардың толық қанағаттануын қамтамасыз ету мақсатында Кәсіпорын қызметінің нәтижелерін және Тапсырыс берушілермен кері байланыс әдістерін талдауға негізделе отырып, кәсіпорын жұмысының тиімділігін үнемі арттыру.

5 Кәсіпорын қызметінің үздіксіздігін және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды қамтамасыз ету, барлық ықтимал қауіп-қатерлердің теріс әсерін азайту.

6 Кәсіпорынның ақпараттық активтерінің құпиялылығын, қол жетімділігін және тұтастығын қамтамасыз ету.

7 Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетін дамыту және қолдау.

8 "Мемсараптама" РМК мен оның филиалдары үшін ИСМ саласындағы бірыңғай әдіснамалық негізді үнемі дамыту.

Бүгінде үш тәуелсіз сараптама қарастырылған – Ресейдің бұрынғы Мемлекеттік құрылысы жанындағы мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама, экологиялық және өнеркәсіптік сараптама. Олардың әрқайсысы дербес заңды тұлға болып табылады және инвесторлардан (Тапсырыс берушінің қызметінен) өзінің қолы мен мөрі үшін ақша алады, бірақ салынып жатқан құрылыстардың қауіпсіздігі мен сенімділігі үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.

Қала құрылысы кодексіне сәйкес сараптама жүргізу үшін аумақтық жоспарлау құжаттарының жобалары бас жоспарының жобасын қалалық округтің бас жоспарының жобасын жобалау құжаттамасын қоспағанда, күрделі құрылыс объектілерінің бір отбасының тұруына арналған үш қабаттан аспайтын жеке тұрған тұрғын үйлер (жеке тұрғын үй құрылысы объектілері).

Саны оннан аспайтын және әрқайсысы бір отбасының тұруына арналған бірнеше блоктардан тұратын, қабаттар саны үшеуден аспайтын, бірнеше блоктардан тұратын тұрғын үйлердің жалпы қабырғасы (жалпы қабырғалары) көрші блокпен немесе көрші блоктармен ойықтарсыз, жеке жер учаскесінде орналасқан және жалпы пайдалану аумағына (блокталған құрылыс салынған тұрғын үйлер, шығатын жері бар).

Саны төрттен аспайтын бір немесе бірнеше блок-секциялардан тұратын, әрқайсысында бірнеше пәтер және ортақ пайдаланудағы үй-жайлар бар және әрқайсысының ортақ пайдалану аумағына шығатын жеке кіреберісі бар көп пәтерлі үйлер, жалпы ауданы 1500 шаршы метрден аспайтын және азаматтардың тұруына және өндірістік қызметті жүзеге асыруға арналмаған қабаттар саны екіден аспайтын жеке тұрған күрделі құрылыс объектілері;

Өндірістік қызметті жүзеге асыруға арналған және санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеу талап етілмейтін немесе осындай объектілер орналасқан жер учаскелерінің шекаралары шегінде санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеу талап етілмейтін, жалпы ауданы 1500 шаршы метрден аспайтын қабаттар саны екіден аспайтын жеке тұрған күрделі құрылыс объектілерінің санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеу талап етіледі.

Мынадай күрделі құрылыс объектілеріне қатысты жобалау құжаттамасы және осындай жобалау құжаттамасын дайындау үшін орындалған инженерлік іздестіру нәтижелері мемлекеттік сараптамаға жатпайды:

- бір отбасының тұруына арналған 3 қабаттан аспайтын жеке тұрған тұрғын

- 10 блоктан аспайтын қабаттар саны 3-тен аспайтын тұрғын үйлер, олардың әрқайсысы бір отбасының тұруына арналған, көрші блок немесе көрші блоктар бар ойықсыз жалпы қабырғасы (жалпы қабырғалары) бар, жеке жер учаскесінде орналасқан және жалпы пайдалану аумағына (блокталған құрылыс салынған тұрғын үйлер) шығу жолы болады.);үйлер (жеке тұрғын үй құрылысы объектілері));

- 4-тен аспайтын блок-секциялардан тұратын, әрқайсысының бірнеше пәтер және ортақ пайдаланудағы Үй-жайлар бар және әрқайсысының ортақ пайдаланудағы аумаққа шығатын жеке кіреберіс жолы бар көп пәтерлі үйлер;

- жалпы ауданы 1500 шаршы метрден аспайтын, өндірістік қызметті жүзеге асыруға арналған және санитарлық-қорғау аймақтарын белгілеу талап етілмейтін немесе осындай объектілер орналасқан жер учаскелерінің шекаралары шегінде санитарлық-қорғау аймақтарын белгілеу талап етілмейтін, қабаттар саны 2-ден аспайтын жеке тұрған күрделі құрылыс объектілері.

#### **4 «Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорнында қолданылатын стандарттар**

Кәсіпорын бір неше бағытта жұмыс атқарады. Соған байланысты бір неше стандарттар тізімін қолданады.

Кәсіпорын қолданатын әр түрлі бағыттағы стандарттар мыналар:

ҚР ҚНЖЕ 2.01-19-2004 Құрылыс конструкцияларын тот басудан қорғау.

ҚР ҚНЖЕ 2.02-15-2003 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт автоматикасы.

ҚР ҚНЖЕ 2.03-30-2006 Сейсмикалық аудандардағы құрылыс.

ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2010 Құрылыс климатологиясы.

ҚР ҚНЖЕ 2.04-05-2002 Табиғи және жасанды жарық.

ҚР ҚНЖЕ 3.01-01-2008\* Қала құрылысы. Қала және елді мекендерді жоспарлау және салу.

ҚР ҚНЖЕ 3.02-04-2009 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар.

ҚР ҚНЖЕ 3.04-40-2006 Гидротехникалық құрылыстарға түсетін жүктеме мен күш (толқынды, мұзды және кемелерден келтірілетін).

ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2009 Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер мен құрылыстар.

ҚР ҚНЖЕ 4.01-41-2006 Ішкі су құбыры және ғимараттар кәрізі.

ҚР ҚНЖЕ 4.02-42-2006 Жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚНЖЕ 4.04-10-2002 Электртехникалық құрылғылар.

ҚР ҚНЖЕ 5.01-01-2002 Ғимараттар мен құрылыстардың негізі.

ҚР ҚН 1.03-15-2009 Құрылысы қалқанды өту әдісімен жүргізілетін қалалар мен коллекторлық тоннелдердің өнеркәсіптік кәсіпорындарында құрылыс жұмыстарын жүргізу және қабылдау бойынша нұсқаулар.

ҚР ҚН 2.04-29-2005 Ғимараттар мен құрылыстарды найзағайдан қорғайтын қорғаныстың құрылысы бойынша нұсқаулық.

ҚР ҚН 4.01-05-2002 Сумен жабдықтау желілері мен пластмасса құбырлардан жасалған кәріздерді жобалау және монтажу бойынша нұсқаулық.

ҚР ҚН 4.02-09-2002 Жер асты суларының деңгейі жоғары аймақтарда қалалық жылу желілерін жобалау және құрылысын салу бойынша нұсқаулық.

ҚР ҚН 4.01-22-2004 Әйнекпластик құбырларды жер үстімен және жер астымен жүргізу бойынша нұсқаулық.

ҚНЖЕ 2.01.09-91 Өңделетін аумақтардағы және шөгетін топырақтағы ғимараттар мен құрылыстар.

ҚНЖЕ 2.06.03-85 Мелиоративтік жүйелер мен құрылыстар.

ҚНЖЕ 2.09.03-85\* Өнеркәсіптік кәсіпорын құрылыстары.

ҚНЖЕ 3.05.04-85\* Сумен жабдықтау мен кәріздің сыртқы желілері мен құрылыстары.

ҚНЖЕ 3.05.07-85\* Автоматтандыру жүйелері.

ҚНЖЕ II-89-80\* Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары.

ҚН 512-78 Электронды-есептеу машиналарына арналған ғимараттар мен жайларды жобалау бойынша нұсқаулық.



ҚН 551-82 Қолдан жасалған суқоймаларға арналған полиэтилен үлбір сүзгілеуге қарсы құрылыстарды жобалау және құрылысын салу бойынша нұсқаулық.

ВҚН 63-76 Шағын бассейндердегі судың нөсерлі ағынын есептеу бойынша нұсқаулық.

ҚР СТ 12.4.059-2002 Құрылыс. Сақтандыратын жабдық қоршаулары. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12.1.003-83 (ЭҚҚК СТ 1930-79) Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі, Шуыл. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12.3.006-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Су өткізу және кәріз құрылыстары мен желістерін пайдалану. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.

ГОСТ 21.408-93 Құрылысқа арналған жобалау құжаттамасының жүйесі. Технологиялық процесстерді автоматтандыру жөніндегі жұмыс құжаттамасының орындалу тәртібі.

ГОСТ 14254-96 (МЭК 529-89) Сыртқы қабат қамтамасыз ететін қорғаныс дәрежесі (IP коды).

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа да техника бұйымдары. Түрлі климаттық аудандарға арналып жасалған орындалымдар. Сыртқы ортаның климаттық факторларының әсер келтіру тұсындағы санаттар, пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары.

ГОСТ 17516.1-90 Электртехникалық бұйымдар. Механикалық сыртқы әсер етуші факторларға төзімділік тұсындағы жалпы талаптар.

ГОСТ 23407-78 Құрылыс алаңдары мен құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілетін учаскелердегі жабдық қоршаулары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 25150-82 Кәріз. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 25298-82 Тұрмыстық тоспа суды тазалауға арналған жинақы қондырғылар. Түрлері, негізгі параметрлері мен өлшемдері.

ГОСТ 30852.0-2002 Жарылыстан қорғалған электр жабдық. 0-бөлім. Жалпы талаптар.

ГОСТ 30852.19-2002 Жарылыстан қорғалған электр жабдық. 20-бөлім электр жабдықтың пайдаланылуына қатысы бар ыстық газдар мен бу жөніндегі деректер.

ГОСТ 3634-99 Қарайтын құдықтардың люктары мен нөсер ағын құдықтардың жауын қабылдағыштары. Техникалық шарттар.

БҚ 34 РК.20.501-04 Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережесі мен Қазақстан Республикасы тұтынушылары электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері.

Мемсараптама осы стандарттарды пайдалана отырып қызмет бағыттары мен мекемелерді стандарттайды және сертификаттаумен айналысады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

РМК «Мемсараптама» сапа менеджменті жүйесі – өнім сапасын қамтамасыз ету және арттыруға бағытталған басқару жүйе. Сапа менеджментіне сапа саласындағы мақсаттарды анықтау, өнім сапасына қойылатын талаптарды орындау, тұтынушыларда өнім сапасына сенімділік тудыру, мамандарды даярлау сапасына қойылатын талаптарды арттыру жатады.

Жүйенің негізгі – кәсіпорынның басты аспектілерін реттейтін құжаттар жиынтығы. ИСО 9001 – 2008 стандарттарына сәйкес жасалған сапа менеджменті жүйесі өзін – өзі жетілдіретін бірнеше механизмнен тұрады: ішкі аудиттер, басшылық тарапынан талдау, тұтынушымен кері байланыс және т.б.

Осының барлығы кәсіпорын қызметін уақытында өзгерту және жақсартумен қатар жоспарлаудың нәтижесін, ресурстарды пайдалануды арттырады, кәсіпорын мақсатына жету үшін синергетикалық әсер тудырады.

Сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша жобаны 2014 жылы РМК «Мемсараптама» бас директоры Қарағойшин Тимур Жиенбайұлы ұсынған.

СМЖ-ның қызмет етуі барлық персоналды қатыстыру арқылы жүзеге асады, ал жоғары басшылық сапа саласындағы мақсаттарға жету үшін толық жауапкершілікті өзіне алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тазабеков К.А. Основы стандартизации, метрологии, сертификации и менеджмента качества. Учебное пособие. – Алматы, Казахстанская ассоциация маркетинга, 2003.
- 2 ИСО 9001:2009 – Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.
- 3 ИСО 9000:2007 – Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік.
- 4 ҚРСТ ИСО/МЭК 62 – 2001 «Сертификаттауды және сапаны бағалауды өткізетін органдарға қойылатын жалпы талаптар.»
- 5 В.Ф. Швоев., Г.С. Жетесова. Сапа менеджменті жүйелері. Қарағанды, 2008.
- 6 ИСО 9004:2010 – Сапа менеджменті жүйелері. Жақсарту бойынша ұсыныстар.
- 7 Гравкин В.Н. Введение менеджмент качества по ИСО 9000:2007, Уральск, 2003 г.
- 8 Ресми сайт: [www.госэкспертиза.kz/kaz](http://www.госэкспертиза.kz/kaz)